

1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 наурыз N 338

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының несиелік берешегін жабу және ол айналысқа шығаратын вексельдерді есепке алу мен жабу үшін ақша қаражатын шоғырлау мақсатында "1996 жылдың егінінен мемлекетке астық сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 ақпандағы N 173 P960173_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігінің алдындағы несиелік берешегін жабу кестесі /1 қосымша/, сондай-ақ 1996 жылы Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы айналысқа шығаратын вексельдерді есепке алу мен жабу үшін қаржыны шоғырлау /2 қосымша/ кестесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы аумақтық Бас басқармасындағы Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының шоғырлау шотына оның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдындағы берешегін жабуға түсетін қаржылар 2 /екі/ миллиард теңге көлемінде оларды бір мезгілде республикалық бюджеттің кіріс, шығыс шоттарынан өткізе отырып жіберілетін болсын

3. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігінің алдындағы қарыздарын жабуға қажетті көлемде мемлекеттік ресурстың тағамдық және жемдік астығын сатуға және вексельдерді есепке алу мен жабу үшін ақша қаражатын шоғырлауға рұқсат етілсін.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы бір апта мерзімде Үкіметтің бекітуіне астық сату кестесін ұсынатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Кеден комитеті, Қазақстанның Халықаралық агроөнеркәсіп биржасы аталған астықты сатуға және тасымалдауға жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 21 наурыздағы
N 338 қаулысына
1 қосымша

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және
Қаржы министрлігінің алдындағы вексельдік
берешегін жабу
КЕСТЕСІ

Жабу мерзімі	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы	
	Негізгі қарызы, АҚШ-тың миллион долларымен	Кредит үшін Негізгі қарызы, АҚШ-тың миллион долларымен	Негізгі қарызы, АҚШ-тың миллион долларымен

1996 жылғы наурыз	22,1	0,9	-
1996 жылғы II-тоқсан	10,0	0,4	2,0
1996 жылғы III-тоқсан	10,0	0,4	0,33
1996 жылғы IV-тоқсан	27,9	1,1	2,47
Қорытындысы	70,0	2,8	4,8

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 наурыздағы
N 338 қаулысына
2 қосымша

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы
1996 жылы айналысқа шығаратын вексельдерді
есепке алу мен жабу үшін қаржыны шоғырлау
кестесі

Мерзімі | Сомасы, АҚШ-тың миллион долларымен

1996 жылғы наурыз	-
1996 жылғы II-тоқсан	36,3
оның ішінде	
32 /2 миллиард теңге/ -	
республикалық бюджет есебінен	
1996 жылғы III-тоқсан	97,4
1996 жылғы қазан-қараша	31,3
Қорытындысы	165